

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ**

**С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ**



**БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТІНЕ АРНАЛҒАН  
АНЫҚТАМАЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ**

Астана, 2024



**SEIFULLIN**  
**UNIVERSITY**

### **ҚҰРМЕТТІ БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТІ!**

Сіз Қазақстанның ең іргелі университеттерінің бірі – «Сейфуллин университеті» ұжымының бір ажырамас бөлігі болдыңыз!

Студенттік кезең ең әдемі және қызықты уақыт. Алда Сізді жаңа білімге, зерттеуге және жеңістерге толы, шын мәніндегі қарқынды жылдар күтеді.

Жарты ғасырдан астам уақыт бойы С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ еліміздегі жетекші ғылыми-зерттеу университеті болып келеді. Түлектердің қатарында көрнекті ғалымдар мен саясаткерлер, қоғам және мемлекет қайраткерлері, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, экономика және бизнес салаларының белгілі өкілдері бар.

Енді Сіздің уақытыңыз келді!

Студент болғаннан кейін, өзіңізді дәлелдеудің бар мүмкіндігін жіберіп алмаңыз. Өйткені Сізді университет қабырғасында белсенді оқудан басқа да түрлі ғылыми, мәдени және спорттық іс-шаралар күтеді. Олардың ішінде: стартаптар байқауы, студенттік фестивальдар, олимпиадалар, зияткерлік ойындар, әртүрлі спорт секциялары мен спорттық жарыстар, көптеген көркем өнерпаздар үйірмелері, әлеуметтік іс-шара - акциялар және тағы басқалары бар.

Университетте өткізген жылдар Сіз үшін таңғажайып және ұмытылмас уақыт болсын!

Сізге сәттілік, жоғары жетістіктер, жаңа достар мен жаңалықтар тілеймін!

**ҚҰРМЕТПЕН,**

**С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ Басқарма төрағасы-Ректор,  
экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі  
ҚАНАТ МАРАТҰЛЫ ТІРЕУОВ**

## УНИВЕРСИТЕТ ТУРАЛЫ

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті – Солтүстік және Орталық Қазақстандағы ауыл шаруашылығы және техникалық бейіндегі ірі университет. Астана қаласындағы тұңғыш жоғары оқу орны 1957 жылы Ақмола ауыл шаруашылығы институты ретінде құрылды (КСРО Министрлер Кеңесінің №1176 қаулысы, 03.10.1957 ж.).

Университет жоғары оқу орнын және жоғары оқу орнынан кейінгі даярлық жүйесін қамтитын бірыңғай оқу-ғылыми-әдістемелік кешен болып табылады. Қазіргі уақытта университетте 37 кафедра жұмыс істейді. 9 факультетте білім берудің үш деңгейі (бакалавриат, магистратура және PhD докторантура) бойынша он мыңнан астам білім алушы оқиды. ЖОО ПОҚ 821 штаттық оқытушылардан тұрады. Оның ішінде: 85 ғылым докторы, 326 ғылым кандидаты, 91 PhD докторы.

Университет білім беру саласындағы басым бағыттарды айқындады: экономиканың аграрлық секторы үшін мамандарды сапалы даярлау, республикалық және халықаралық деңгейде ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігі мен рейтингін арттыру, әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікке табысты интеграциялау. Оларды орындау үшін университет заманауи басқару жүйесін, оқытудың инновациялық технологияларын енгізді, материалдық-техникалық базаны нығайтты, өндіріспен, жұмыс берушілермен, ғылыми институттармен және орталықтармен өзара іс-қимылдың тиімді жүйесін орнатты, күшті ғылыми базаны қалыптастырды.

Университет біздің елімізде ғана емес, сонымен қатар Қазақстаннан тыс жерлерде де үлкен беделге ие болды. Ресей, АҚШ, Германия, Франция, Түркия, Италия, Израиль, Қытай, Моңғолия, Малайзия, Чехия, Польша және т. б. бірқатар оқу және ғылыми орталықтармен тығыз байланыста.

Университет бүгінде елордада ғана емес, көптеген көрсеткіштер бойынша көшбасшы болып табылады, ол еліміздегі отыз техникалық ЖОО арасында үздік үштікке кіреді. Университет QS World University Rankings әлемдік рейтингінде біз 1200-ші орында, Азия университеттерінің QS рейтингінде - 351-ші, Орталық Азия елдерінің QS рейтингінде - 19-шы орында.

QS Sustainability рейтингінің «Қоршаған ортаға әсері» тұрақты даму мақсаты бойынша ҚАЗТЗУ 535-ші орында. 2023 жылы университет QS Stars Ratings-те төрт жұлдызға ие болды. Өткен жылы университет алғаш рет UI Green Metric World University Rankings рейтингіне қатысып 934-ші орынды иеленген болатын.

Былтырғы «Атамекен» ҰКП шешімімен Қазақстанның жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының тәуелсіз рейтингінің нәтижелері бойынша ТОП-3-ке 15 білім беру бағдарламасы, ТОП - 10-ға 28 бағдарлама кірді.

ГЛОССАРИЙ

Glossary



✓ **академиялық ұтқырлық** – білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестрге немесе оқу жылына басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) оқыту немесе зерттеу жүргізу үшін өз ЖОО-да кредиттер түрінде игерілген білім беру бағдарламаларын міндетті түрде қайта есептей отырып немесе басқа ЖОО-да оқуын жалғастыру үшін ауыстыру;

✓ **академиялық анықтама (Transcript)** – кредиттерді, бағаларды және орташа баллды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде аяқталған пәндер тізбесін қамтитын белгіленген үлгідегі құжат;

✓ **академиялық күнтізбе (Academic Calendar)** – демалыс күндері (каникулдар мен мерекелер) де қоса көрсетілген оқу жылындағы оқу-бақылау іс-шараларының күнтізбесі;

✓ **академиялық кезең (Term)** – үш нысанның ішінен жоғары оқу орны таңдаған теориялық оқу кезеңі: 15 аптаға созылатын семестр, 10 аптаға созылатын триместр, 8 аптаға созылатын тоқсан.;

✓ **студенттің академиялық рейтингі (Rating)** – қорытынды бақылау нәтижелері бойынша құрастырылған студенттің бағдарламалық материалды меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

✓ **бакалавр, магистр, доктор** – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім берудің тиісті білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін академиялық дәрежелер;

✓ **қос дипломды білім** – екі тең диплом (Double Major) немесе бір негізгі және екінші қосымша (Major-Minor) диплом алу мақсатында екі оқу жоспары бойынша параллельді оқыту мүмкіндігі;

✓ **пән (Course)** – зерттеу студенттерге белгілі бір білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктерді алуға мүмкіндік беретін кез келген ғылымның дербес саласы;

✓ **трансферттің (аударымның) және кредиттерді жинақтаудың еуропалық жүйесі (ECTS)** – білім беру бағдарламаларының компоненттеріне (пәндерге, курстарға, модульдерге) кредиттік бірліктерді (кредиттерді) беру тәсілі, олардың көмегімен білім алушылар меңгерген оқу пәндерін (кредиттермен және бағалармен) салыстыру және қайта есептеу білім беру траекториясын, оқу орнын және оқу елін ауыстыру кезінде жүзеге асырылады;

✓ **жеке оқу жоспары** – әрбір білім алушының білім беру траекториясын айқындайтын оқу жоспары;

✓ **білім алушыларды қорытынды мемлекеттік аттестаттау (Qualification Examination)** – білім алушылардың тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша білім туралы құжат (диплом) беріледі;

✓ **қорытынды бақылау (Final Examination)** – оқу пәнін оқып, аяқтағаннан кейін студенттердің оқу жетістіктерін тексеру;

✓ **элективті пәндер каталогі** – студенттер өз бетінше таңдайтын пәндерінің тізімі;

✓ **пән коды** – оқу жоспарының әрбір пәніне алфавиттік және сандық белгілермен сәйкес белгіні беру;

✓ **таңдау компоненті (Electives)** – кез келген академиялық кезеңде таңдау бойынша білім алушылар оқитын элективті оқу пәндері;

✓ **білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау** – нақты пән бойынша білім алушылардың білім жетістіктерін тексеру;

✓ **кредит (Credit, Credit-hour)** – білім алушының/оқытушының тәрбие жұмысы көлемінің

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Анықтамалық нұсқаулық

бірыңғай өлшем бірлігі. Бір кредит академиялық кезеңде студенттің аптасына 1 академиялық аудиториялық жұмысына тең;

✓ **кредиттік оқыту технологиясы** – студенттердің таңдауына және академиялық кредиттерді жинақтай отырып, оқу пәндерін және (немесе) модульдерді оқу ретін дербес жоспарлауға негізделген оқыту;

✓ **міндетті компонент (Core Subjects)** – білім алушылар міндетті түрде оқу бағдарламасы бойынша оқитын пәндер;

✓ **курс саясаты** – пәнді оқу процесінде білім алушыға қойылатын талаптар;

✓ **постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит)** – оқу үшін осы пәнді және (немесе) модульді оқуды аяқтаған кезде алынатын білімдерді, дағдыларды, дағдылар мен құзыреттерді талап ететін пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа түрлері;

✓ **пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит)** – оқытылатын пәнді және (немесе) модульді игеру үшін қажетті білімдерді, дағдыларды, біліктер мен құзыреттерді қамтитын пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа түрлері;

✓ **аралық аттестаттау** – бақылаудың ағымдағы, кезеңдік және қорытынды түрлерінің нәтижелерін ескере отырып, студенттердің пәнді меңгеру жетістігін жан-жақты бағалау;

✓ **пәннің жұмыс бағдарламасы (Syllabus)** – оқытылатын пәннің сипаттамасын, пәннің мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын қамтитын негізгі оқу-әдістемелік құжат;

✓ **білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ)** – өз бетінше оқуға бөлінген, оқу - әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тесттер, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, эсселер мен есептер түрінде бақыланатын тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жұмыс;

✓ **білім алушының оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы (БӨӨЖ)** – білім алушының оқытушының жетекшілігімен аудиториядан тыс жұмысы;

✓ **негізгі білім беру бағдарламасы (Major) (мажор)** – негізгі құзыреттіліктерді дамыту мақсатында оқып үйрену үшін білім алушылар анықтайтын білім беру бағдарламасы;

✓ **қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) (минор)** – қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушылар айқындаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы.

✓ **орташа (өту) балл (GPA)** – білім алушының оқу жетістіктері деңгейін орташа өлшенген бағаласы; білім алушыны келесі курстарға ауыстыру үшін қолданылады; курс нөмірі өскен сайын өседі;

✓ **ағымдағы үлгерімді бақылау** – оқу сабақтарын жүргізетін оқытушы өткізетін оқу пәнінің әрбір тақырыбы немесе бөлімі бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін жүйелі тексеру;

✓ **пәннің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК)** – пәнді табысты игеруге ықпал ететін негізгі оқу-әдістемелік құжаттама пакеті;

✓ **оқу-әдістемелік кешен (ОӘК)** – бүкіл оқу кезеңіне арналған Жеке оқу жоспарын, пәндер бағдарламаларын (силлабустар), өз бетінше жұмыс істеуге арналған әдістемелік нұсқауларды, практика бағдарламаларын және т. б. қамтитын оқу-консультациялық ақпарат пен құжаттама пакеті;

✓ **оқу жоспары (Curriculum)** – тиісті білім беру деңгейіндегі оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды зерделеу тәртібін регламенттейтін құжат;

✓ **адвайзер (Advisor)** – тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының академиялық тәлімгері қызметін атқаратын, оқыту траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын меңгеруге жәрдемдесетін оқытушы;

✓ **элективті пәндер** – білім алушы соның ішінен алып өзінің жеке жоспарын құрастыратын таңдау бойынша пәндер тізбесі.

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Анықтамалық нұсқаулық  
**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТТЕРІ**



❖ **АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТ:**

Оқу процесін жоспарлау, ұйымдастыру және ақпараттық-әдістемелік сүйемелдеу, цифрлық білім беру бейне контентін құру, контингентті қалыптастыру және білім алушыларды қабылдау, Оқу-білім беру процесі бойынша консультациялық сипаттағы қызметтерді ұсыну бойынша міндеттерді орындайды.

№ 1315 кабинеті, 8(7172)38-61-53, 8(7172)31-75-99, 8(7172) 31-75-56, 8(7172) 39-80-18

❖ **СТУДЕНТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТ:** Оқудың барлық кезеңінде білім алушылардың оқу жетістіктерінің тарихын тіркеуді жүзеге асырады. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін сүйемелдейді. Тіркеуші кеңсесі-білім алушылардың оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін, сондай-ақ білім алушыларды пәндерге тіркеу және қайта тіркеу процесін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын Академиялық қызмет, сондай-ақ академиялық топтар құрады.

№ 1107 кабинеті, телефон: 8 (7172) 31-75-33.

❖ **БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ (БҚО):**

Білім алушылардың жеке істерін жүргізуді, білім алушылардың бұйрықтарын есепке алуды және тіркеуді, білім алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсетуді жүзеге асырады, білім алушылар контингентінің қозғалысын тексеруді және есепке алуды, академиялық анықтамалар, дипломдар, дипломдардың телнұсқаларын беруді және жоғары оқу орындарының босатылған мемлекеттік білім беру гранттарын алуды жүзеге асырады.

№1103 кабинеті, телефоны: 8 (7172) 31-75-62.

❖ **АҚПАРАТТЫҚ-БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ ОРТАЛЫҒЫ (ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА):**

ЖОО-ның ғылыми және білім беру қызметіне жәрдемдеседі. Интернет арқылы ақпараттық қызмет көрсету және өзекті ресурстарға қол жеткізу жүйесін дамытады.

телефон: 8 (7172) 39-55-18.

❖ **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ДЕПАРТАМЕНТІ:**

С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ-дың басым бағыттары бойынша шетелдік серіктестерімен арасындағы ұсынымдарды дайындау, шет мемлекеттерде университетті Қазақстан Республикасының жетекші аграрлық университеттерінің бірі ретінде орнықтыру.

№1316 кабинет, телефоны: 8 (7172) 38-44-07.

❖ **ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ДЕПАРТАМЕНТІ:**

Рухани-адамгершілік тәрбие және үйлесімді жоғары мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу бойынша жұмыс; жастарды отансүйіштік, толеранттылық, мемлекеттік тілге, салт-дәстүрлерге, Қазақстан халықтарының мәдениетіне құрмет рухында тәрбиелеу жөніндегі жұмыс.

№1104 кабинет, телефоны: 8 (7172) 31-75-25.

❖ **ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ:**

Жатақханаалардың студенттік кеңестерінің, факультеттердің жастар ісі жөніндегі комитеттерінің, клубтардың, студенттік қоғамдық бірлестіктердің, үйірмелердің жұмысын үйлестіреді.


№1104 кабинет, телефоны: 8 (7172) 39-57-47.

❖ **БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ БУХГАЛТЕРИЯ:**

Білім алушыларды оқыту үшін ақшалай қаражаттың түсуі мен қозғалысы, сондай-ақ стипендиялар төлеу бойынша есепке алу қызметін жүзеге асырады.

№1317 кабинет, телефоны: 8 (7172) 39-56-69.

## УНИВЕРСИТЕТТИҢ ОҚУ ҒИМАРАТТАРЫ МЕН БАСҚА ДА ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ОРНАЛАСУ СХЕМАСЫ



- |  |                           |
|--|---------------------------|
| 1 – Бас ғимарат;   |                           |
| 2 - Биологиялық ғимарат                                    | 9 - № 4 жатақхана         |
| 3 - Техникалық факультет (ескі ғимарат)                    | 10 - № 5 жатақхана        |
| 4 - Әскери кафедра   | 11 - № 2а жатақхана       |
| 5 - Техникалық факультет (жаңа ғимарат)                    | 12 - № 7 жатақхана        |
| 6 - Мұрағат  | 13 - № 2б жатақхана       |
| 7 - Агрономия факультеті                                   | 14 - шығармашылық орталық |
| 8 - Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн факультеті | 15 - Қойма, гараж         |

### ФАКУЛЬТЕТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

- Агрономия факультеті (7 ғимарат) – Ә. Молдағұлова көшесі, 27.
- Орман шаруашылығы, жабайы табиғат және қоршаған орта факультеті (7 ғимарат) – Жеңіс даңғылы, 60/2
- Жерге орналастыру, сәулет және дизайн факультеті (8 ғимарат) – Бейбітшілік, 73.
- Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультеті (8 ғимарат) – Армандастар көшесі, 2в, Алтынсарин көшесі, 2.
- Компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру факультеті – Алтынсарин көшесі, 2.
- Техникалық факультет (3, 5 ғимарат) – Жеңіс даңғылы, 62б.
- Экономика факультеті (1 ғимарат) – Жеңіс даңғылы, 62.
- Энергетика факультеті (1 ғимарат) – Жеңіс даңғылы, 62.
- Гуманитарлық факультет (2 ғимарат) – Алтынсарин көшесі, 2.



тазалық пен тәртіпті сақтайды;

- «Білім алушылардың академиялық адалдық кодексін» ұстанады.



Университеттегі **Академиялық адалдық** «Білім алушылардың академиялық адалдық кодексiмен» реттеледi. Осы құжатқа сәйкес келесiлерге жол берiлмейдi:

- авторлығын растаусыз немесе дереккөзді көрсетпей, басқа көздерден алынған материалдарды ішінара немесе толық иемдену;
- кез келген бағаланатын жұмысты басқа білім алушы үшін орындау;
- басқа студенттерден бағаланатын жұмысты көшіріп алу;
- бағаланатын жұмыстар орындалмаған немесе уақтылы орындалмаған жағдайда жалған ақталу құжаттарын ұсыну;
- өзінің бағаланатын жұмысынан басқа білім алушыларға көшіріп алуға мүмкіндік беру;
- өзгенің бағаланатын жұмысын өзінікі ретінде ұсыну;
- тапсырма жауаптарын бағалау нәтижелерін, бағаларды бұрмалау;
- зерттеуді орындау кезінде сұрақ-жауап, сауалнамалардың және басқа әдістердің бақылау нәтижелерін қолдан жасау;
- басқа білім алушының бағаланатын жұмысын әдейі қолдан жасау немесе бұлдіру;
- бағаланатын жұмысты орындау кезінде жауаптарды беру;
- бағаланатын жұмысты орындамас бұрын басқа студенттің, оқытушының немесе университет қызметкерінің көмегімен материалды ішінара немесе толық алу;
- бағаланатын жұмыстарды өз жұмыстары ретінде беру үшін оларды сатып немесе алудың басқа жолдары арқылы алу;
- дайын бағаланатын жұмыстарды сату немесе сатып алуға және/немесе сатуға көмек көрсетудің өзге де жолдары;
- бағаланатын жұмысты орындау кезінде пайдалануға тиісті нормативтік құқықтық актілермен тыйым салынған электрондық, цифрлық, қағаз тасымалдағыштардағы, техникалық құрылғылардағы ақпаратты пайдалану.

## ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ



С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ-да оқу процесін ұйымдастыру жұмыс оқу жоспары, бекітілген Академиялық күнтізбе, оқу сабақтарының кестесі және білім алушылардың БОӨЖ кестесі негізінде жүзеге асырылады.

Оқу жылы 1 қыркүйектен басталады. Академиялық оқу кезеңі – семестр. Бір оқу семестрінің академиялық көлемі теориялық оқытудың 15 аптасын құрайды.

Бір оқу жылының академиялық көлемі теориялық оқытудың 30 аптасын, білім алушылардың білімін қорытынды бақылаудың 6 аптасын (2 емтихан сессиясы) қамтиды.

Демалыс білім алушыларға, бітіру курсы қоспағанда, оқу жылы ішінде кемінде 2 рет

беріледі, жалпы ұзақтығы кемінде 7 апта болуы тиіс.

Оқу пәндерін табысты меңгеру үшін барлық білім алушыларға сабаққа қатысу міндетті болып табылады.

Білім алушылардың өзіндік жұмысы пәндердің жалпы еңбек сыйымдылығының 2/3 бөлігін құрайды (66%), оның ішінде уақыттың 25-50% - ы оқытушының басшылығымен білім алушылардың өзіндік жұмысына (БОӨЖ) бөлінеді.

БОӨЖ барлық пәндер бойынша қарастырылған. БОӨЖ оқу кестесінде көрсетіледі және білім алушының апталық жүктемесіне кіреді. Пән бойынша БОӨЖ сабақтарына қатысу міндетті болып табылатын білім алушылардың тізімін осы пәнді жүргізетін оқытушы айқындайды.

Сабақ кестесі: - «Платонус» ААЖ-да орналастырылады <https://platonus.kazatu.kz/> / және білім беру порталында <https://portal.kazatu.kz/>. білім алушы сабақ кестесімен «Платонус» ААЖ жеке кабинетінде «Кесте» бөлімімен таныса алады. Университеттің білім беру порталында кестені көру үшін <https://kazatu.edu.kz/> сілтемесі бойынша өту керек. Білім алушылар үшін сабақтың басталу және аяқталу уақыты бірінші бағандағы сабақ кестесінде көрсетілген.

#### **Сабақтар өтетін аудиториялардың нөмірленуі:**

- бірінші сан - оқу ғимаратын көрсетеді;
- екінші сан - оқу ғимаратының қабатын көрсетеді;
- үшінші және төртінші сандар - аудитория нөмірін көрсетеді.

**Мысалы** - аудитория 1225:

- 1 – бас ғимарат;
- 2 - 2 қабат;
- 25 - аудитория нөмірі.


Сабақ кестесіндегі өзгерістерді «Платонус» ААЖ-да немесе білім беру порталында көруге болады. Білім алушылар кестенің жаңартылуын жүйелі түрде қадағалап отыруы тиіс.

Курстық жоба (жұмыс) – оқу жоспарының жекелеген пәндері бойынша кешенді өзіндік жұмыс. Курстық жұмысты (жобаны) дайындау мен тапсыруды білім алушы бір академиялық кезең ішінде жүзеге асырады.

Курстық және есептеу-графикалық жұмыстар емтихан сессиясы басталғанға дейін қорғалуы және осы пән бойынша емтиханға рұқсат ретінде қызмет етуі керек.

Дипломдық жұмыс (жоба) ғылымның тиісті саласының нақты мамандығының/ББ өзекті мәселесін өз бетінше зерделеу және зерттеу нәтижелерін жинақтауды ұсынады. Білім алушы бекітілген тақырыптан дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбын таңдайды. Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бітіруші курстың басында білім алушыға тағайындалады және жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Білім алушыға бекітілген тақырыпта қамтылмаған тақырыпта дипломдық жұмысты (жобаны) орындау құқығы беріледі. Бұл жағдайда білім алушы кафедраға ұсынылған тақырыпты әзірлеудің орындылығының толық негіздемесін немесе тапсырыс берілген тақырыпты орындау үшін үшінші тарап ұйымының хатын ұсынады.




## ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ ШКАЛАСЫ

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент	Балдар	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4.0	95-100	Өте жақсы
A-	3.67	90-94	
B+	3.33	85-89	
B	3.0	80-84	Жақсы
B-	2.67	75-79	
C+	2.33	70-74	
C	2.0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1.67	60-64	
D+	1.33	55-59	
D-	1.0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

Білім алушыларды курстан курсқа академиялық ауыстыру белгіленген өту орташа балына GPA сәйкес жүзеге асырылады.

Бітірген білім алушыларға арналған ауыспалы GPA:

- 1 курс, кемінде 1,86 балл болуы керек;
- 2 курс, кемінде 2 балл болуы керек;
- 3, 4 курс, кемінде 2,1 балл болуы керек.



## БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ПӘНДЕРГЕ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ

Жеке оқу жоспары әрбір білім алушының білім беру траекториясын айқындайды және белгіленген нысан бойынша мамандық /ББ элективті пәндер каталогы (ЭПК) негізінде қалыптастырылады.

Жеке оқу жоспарын әзірлеуді білім алушылар жүзеге асырады. Бір семестр ішінде білім алушы 27-33 кредитті, ал бір оқу жылы ішінде міндетті компонент пәндерінің 100% - қоса алғанда, кемінде 60 кредитті меңгеруі тиіс. Оқудың барлық кезеңінде білім алушы кемінде 240 кредитті игеруі тиіс. Егер аттас оқу пәнін кафедраның бірнеше оқытушылары оқыса, білім алушы балама таңдау құқығын алады.

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Анықтамалық нұсқаулық

Жеке оқу жоспарын жоспарлау 1 курстың білім алушылары үшін 10 қыркүйекке дейін жүзеге асырылады. 2-5 курс білім алушылары келесі оқу жылына арналған Жеке оқу жоспарын ағымдағы оқу жылының сәуір-мамыр айларында түзеді. Олардың жеке оқу жоспарына оқу жылында игерілетін кредиттердің жалпы санының 10% - нан аспайтын көлемде өзгерістер енгізуге құқығы бар. Оқу семестрі ішінде жеке жұмыс жоспарын өзгертуге жол берілмейді.

Пәндерге тіркелу үшін «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде білім алушы «Міндетті пәндер», «Элективті пәндер», «ЖОО пәндері» және «Модульдер каталогі» қосымша парақшаларындағы ағымдағы семестр және оқу жылының пәндеріне өтінім беріп, жүйеде жасалған барлық әрекеттерді сақтауға тиіс.



### МЕМЛЕКЕТТІК ШӘКІРТАҚЫ

Мемлекеттік білім беру гранты негізінде оқудың бірінші жылына қабылданған білім алушыларға бірінші академиялық кезеңде мемлекеттік стипендия (шәкіртақы) тағайындалады.

Келесі оқу семестрлерінде мемлекеттік шәкіртақыны тағайындау және төлеу, емтихан сессиясының қорытындылары бойынша (білімді бақылаудың барлық нысандарын қоса алғанда) білім алушының тек «жақсы» («В+ (85-89)», «В (80-84)», «В- (75-79)» немесе «С+ (70-74)» немесе «өте жақсы» «А (95-100)», «А- (90-94)» деген бағалары болса ғана жүргізіледі.

Пәнді жазғы семестрде «өте жақсы» немесе «жақсы» бағаларына қайта тапсырған жағдайда мемлекеттік стипендия төленбейді.

### АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ

Білім алушыларды ауыстыру бір білім беру ұйымынан екіншісіне; оқытудың бір нысанынан екіншісіне; бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне; ақылы нысаннан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқытуға және керісінше жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орындарының студенттері, егер олар оқып жатқан бағдарламаның бірінші академиялық кезеңін аяқтаса, оқудан шығарылғаннан кейін ауыстырылуы немесе қалпына келтірілуі мүмкін.

Білім алушы пәндердің оқу жоспарларының айырмашылығын ескере отырып кез келген білім беру бағдарламасына қайта қабылдана алады.

Білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, оқытудың бір нысанынан екіншісіне ауыстыру тек ақылы негізде оқыту үшін жүзеге асырылады.

Білім беру гранты бойынша оқитын білім алушы білім беру грантын сақтай отырып, басқа ЖОО-ға ауыса алады.

Ауыстыру және қайта қабылдау тек демалыс (каникуль) уақытында жүзеге асырылады.

## **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУДАН ШЫҒАРУ**

Білім алушы келесі себептер бойынша оқудан шығарылуы мүмкін:

- білім алушының өз қалауы бойынша;
- академиялық үлгермеушілігі үшін;
- академиялық адалдық принциптерін бұзғаны үшін;
- білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу ақысын төлемегені үшін;
- С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ-дің Ішкі тәртіп ережелерін, университет Жарғысын және студенттерге арналған Ар-намыс кодексін бұзғаны үшін, оның ішінде оқу тәртібін бұзғаны үшін.

### **ӘСКЕРИ ТІРКЕЛУ**

Оқу жылының басында барлық бірінші курс студенттері міндетті түрде әскери есепке тұруы керек. Өзіңізбен бірге жеке куәліктің көшірмесі, тіркеу куәлігі (көшірмесі, түпнұсқасы) болуы тиіс. Бұл армиядан кейінге қалдыру үшін қажет, өйткені ҚР барлық жастары 18 жастан бастап әскерге шақырылады.

### **ӘСКЕРИ КАФЕДРА**

Кафедра 1958 жылдың қазан айынан бастап әскери дайындықты бастады. Кафедра жұмысы әскери-есепке алу мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарының білім алушылары қатарынан запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасының талаптарына сәйкес терең теориялық және практикалық білімі, іскерлігі мен дағдылары, жоғары кәсіби біліктілігі бар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін запастағы білім алушылар қатарынан запастағы офицерлерді даярлауға бағытталған.

Әскери кафедрада әскери дайындық 9 әскери - есептік мамандық бойынша әскери дайындықты жүзеге асырады: запастағы офицерлердің бағдарламалары бойынша 6 ОӘК және запастағы сержанттардың бағдарламалары бойынша 3 ОӘК. Әскери-есептік мамандықтар негізінде әскери кафедрада 3 цикл құрылды: тактикалық цикл.

Цикл студенттерді запастағы офицерлердің үш бағдарламасы бойынша – «Жалпы әскери бөлімшелерді, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік қолдану», ВУС – «Топографиялық жұмыстар» және ВУС – «Топогеодезиялық қамтамасыз ету бөлімшелері мен бөліктерін қолдану» бойынша дайындайды.

Арнайы пәндер циклі. Цикл студенттерді запастағы офицерлердің үш бағдарламасы бойынша – «Жалпы әскери мақсаттағы автомобиль бөлімшелерін, бөлімдері мен құрамаларын қолдану», ВУС – «Көп мақсатты автомобиль техникасын пайдалану және жөндеу» және ВУС – «Азық-түлікпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру» бойынша дайындайды.

Запастағы сержанттарды даярлау циклі. Циклде запастағы сержанттарды келесі әскери-есептік мамандықтар бойынша даярлау жүзеге асырылады: ВУС – «Атқыштар» (бөлімше командирі); ВУС – «Автомобильдер» (автомобиль техникасын пайдалану); ВУС – «Автомобиль техникасын диагностикалау және жөндеу жұмыстары».

*Байланысу: Жеңіс даңғылы, 62а, Әскери кафедра. Тел.: +7 (7172) 393-927.*



### **ҚҰРМЕТТІ БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТІ!**

Сізге шын жүректен денсаулық пен амандықты, алға қойған мақсаттарыңызға қол жеткізуді, оқуда, ғылымда, шығармашылықта және спортта табыстар тілейміз!

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің қабырғасында өткізген жылдар Сіз үшін жарқын, есте қаларлық және жемісті болсын!